


>> МУХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ



Әуезов нам Абай

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов мұрасы қаншама тарихи толқындардан мұдірмей өтіп, ел-жүртүмен бірге желкені қайырылмай жүзіп келеді. Оның себебі жазушы шыгармаларының уақытпен үндес, рухтас бола алғандығынан. Тарих сыннына төтеп беру онай шаруа емес. Ондай елден ерекшелік сирек тұлғалардың ғана мәндайына жазылатын еншілерден.

М.Әуезов – бүкіл шығармашылығында қазақ халқының арманын айшықтап, мұратын мәністеген, одан езін ешуақытта бөле-жара қарамаған суреткер. Ол езінің жазушылық миссиясын әу баста осындай өте биік, жоғары тұрғыдан қарап, түйсінген жан. Бүкіл өмірін ол осы ұлы жолға салып, соған арнау үдесінде болды. Ата-бабасы сонау қасиетті Түркістан топырағынан, Шыңғыстауға қоныс аударғанда да жай ғана күн көріс қамын күйттеу әрекетінде болмағаны анық.



тастау – ескірген естілік. Әуезов XXI ғасырдан болмаса да XXI ғасырдан үміт күтті. Рухани алтын көпірді жалғап кетуді ойлады. Ең болмаса келер үрпақ үрлеп алар шоқ қалдырып кету керек еді. Сол оймен арпалысып алға үмтүлған жазушы ел-жүртүна керегін беріп кетті.

Елбасы Н.Назарбаев: «Әр үлттың осындай тәуелсіздікке қадам басқан тұсында соның рухани тұтқасына айналған тұлғалары болғаны белгілі. Үндістан үшін Тагор, Қытай үшін Лу-синь, Пәкістан үшін Мұхаммед Икбал, Турция үшін – Атсыз қандай рухани тұтқа болса, біз үшін Мұхтар Әуезов те сондай ұлы тірек» деп бекер айтпаған болатын. М. Әуезовтың бүкіл шығармашылық ғұмырының мәні болған «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемнің 72 елінде 42 тілде тарады. Бәрі мойындал, өз таңданыстарын билдірді.

Бір-екеуін келтіре кетейік:


«Абай» – ойлы оқырман кітабы, бұл қазақ «Илиадасы» (Мирей Борис, Франция). «Мұхтар Әуезов – үлттық рұх символы» (Шанталь Лемерсье-Келькежей, Франция). «Абай» – тек автобиографиялық роман емес. Бұл 1858-1887 жыл аралығындағы өткен тобықты руы мен Абай өмірі аясындағы XIX ғасырдағы қазақ елі туралы қалейдоскопиялық зерттеу» (Томас Виннер, Америка).

Яғни, Әуезов XXI ғасырдағы қазақ елі үшін әлемдік

аударғап да жаңа мақалалардың көрісін камын күйттеу әрекетінде болмaganы анық. Бір-ақ себел, ол атақты аға султан Құнанбайдың «олаңдауымен яки аузын айға білген найман Ақтайлақ бидің алқалауымен, Семей өніріндегі қазақтарға иман нәрін егу үшін ентелеген. Сол көш артынан мол жеміс беріп, нәрлі нуга айналды. Осы бабы келіскең құнарлы топыраққа дер кезінде түскен дән жайқалып өсіп, аз ғана тобықты түгіл айбарлы алаштың өзін алты орап алатында болып, ақыры әлемдік аренага қанат жайды.

Әрине, ең алғашқы дәрістенген жері – Абай мектебі болды. Эліпті таяқ деп танытқан атасы Әуез бала Мұхтарды әуелі қасиетті Құранмен сүсіндатты. Онымен қатар ғар жегіп Абай өлеңдерін тұла бойына дарытты. Ана сутімен қосып Құран сүрелерін һәм Ибраһим мырзаның мыллы ойларын жүрек қатпарларына сіңірді. Одан кейінгі сүрлеуі Семей шаһарына салынды. Онда ол Камаледдин қазиреттің алдын көрді. Артынан ағасы Қасымбек медресенің оқуын малданбай орыс училищесіне ауыстырыды. Осы жерде бала Мұхтар жүйелі оку жетегінде болады. Орысшаның жілік майын шағып көреді. Соның арқасында мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда еуропалық оқудың орманына кіреді. Оқып жүріп журналистиканың жүргесіне ши жүгіртеді. Жүсіпбек Аймауытов атты семинаристен атақты «Абай» журналын шыгарады. Олар сол кезде Семей семинариясында үзенгі қағыстырып, бірге оқыған еді. Кейін бірі қазақ әдебиетінің – он, бірі – сол аяғына айналды.

Осы журналда екі жас жалпақ жүртқа екеуелеп: «Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншықкан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждағаны ертеуге Құдай жіберген хаки-қаттың ұшқыны Абай туды»



деп жар салды. Осы сөзді айтқанда Мұхтар Әуезов небері 21 жастағы темірқан бала болатын. Жас бала бірақ жұз жылдық дана ақсақалдың сөзін айтты. Бір елге идеолог боларлықтай қауқары бар алып абыздың өзі бол шықты. Осыншама көрекендік, теңіздей тереңдік қайдан келе қалды?

«Бұрынғы бір беткей айласыз, ғылымсыз қара күштің заманында ілгергі дәрежеге тез жету халықтың өз еңбегімен, басшының епті саясатымен ғана өзөр болатын. Ал бұл заманда наған халықтың қатарға кіріп кетуіне себеп болатын жұз тараұлы шарттары бар. Ол шарттардың бәрі де бас-басына терең оймен, еппен, қажымайтын қайратпен, малды, жанды аянбай сарп етерлік талап еткенмен ғана орынна келтіріп, одан кейін орыннан үміт қылуга болады».

Мәйдзи реформасы – бүкіл Жапон жүртін тарихи тырырықтан алып шыққан сәтті программа болды. Әуезов те оған содан қызығып отыр. Тек Әуезов қана емес, бүкіл Алашорда үкіметі де сол Жапония мұрраттарын ұстанғысы келіп еді. Бірақ ол асыл идеяларды большевиктер болдырымай бордай тоздырыды. Тарих бұл жерде қазақ жүртіна даңғыл жол ашып бере қойған жоқ. Абай – ұлт тарихы қатты тезге түскен кезде рухани сілкініс жасаған ренессансстық тұлға. Олай болуына оның Нью-Йорк университетінің профессоры Д.В.Дрэпердің «Еуропаның ақыл-ой дамуы-

ның тарихы» атты фундаменталды еңбегін оқуы түрткі болған.

Қазақ қалай тезге түсті? ХХ ғасырда «Қайта өрлеу» реформасы арқылы өркениеттің әлемдік ошағына айналған Еуропаның көшпенді қалыптен қалған алаш жүрті шаңына ілесе алмай қалды. Шығыстан оптика мен алгебраны алған Батыс алғырлық танытып кетті. Кейін оны кеңестік цензорлардың бейтегеге түсірмейтінің түсінді. Өйткені, Абылайхан арманы proletariat диктатурасымен үйлесе алмайтын еді. «Хан Кене» пьесасы мен «Қылы заман» повесінің тағдыры Әуезовке осыны түсіндірді. Мың ойланып, жуз толғанып ақыры автор Абайға бет бүрді.

«Абай жолынан» басқа жол қалмаган еді. Саяси арманы анық анғарды. Сейтіп жаңа заманда жетілудің рухани іргетасын қалады. Рухани іргетас саяси қайратқа ұласпаса ол онда мардымсыз іс (Рухани іргетассыз құры саяси қайрат та ауаны өрім қамшымен осқылау әншнейін). Сол үшін оны «Алашорда» саяси түрде жүзеге асырмақ болды. Бірақ оған жағдай мұрша бермедин. Еркін Еуропа орнына қазақтар қыспақтагы кеңестік қалыпқа түсті. Өркениетке жетті. Бірақ ол өз еркі жоқ ой қараңғылығы мен дene қамауындағы еркениет еді. Ондай жағдайда елдің кесіліп, көгермейтіні ақиқат болатын. Кеңестік тоталитаризм реп-

яды, Әуезов XXI ғасырдағы қазақ елі үшін әлемдік деңгейде интеллектуалдық ой-өріс даярлап кеткен қаламгер.

Әйгілі суреткөр өзінің «Абай жолы» романын былай бітіреді: «Алтын терек, арсыға құлаш үрган ардақты азamat, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды! Алдың жарқын, езің солай сенің ең... Ана жүртшың сені өлді демейді. Жарық дуниеге жаңа келіп, шырылдап туғаныңда осы Жидебайда, осы Ши-Қорықта сені аялап, сені бауырына алған анаң бар еді. Ол алғашқы жалғыз анаң сені ақ құшағы, адал мейірімен бауырына басқан. Бүгін сені одан да ұлы өлмес анаң, ұмытылmas ұлы деп бауырына алады. Алдағы ұзақ дәурен, жарқын заман сапарына сені жүргегіне баса мәңгігі ала кетпек! Өлім де жеңбес жан бар! Олар аз болса, соның бірі сенсің! Бұл өнірдө өткендердің ішінде ол жалғыз болса, соның өзі сенсің».

Осындағы «ұзақ дәурен» – XXI ғасыр көгі болды. «Жарқын заман сапары» – сіз бен біз жеткен Тәуелсіздік, ағайын! Осылайша елдік сұлбасын соғудың ұлы еншісі бізге тиіп отыр. Ендігі міндет – тәуелсіздік мұнарасын мың жылда да мызықмастай ғып тұрғызу. «Шаңырақ шайқалмауы керек» деген әрбір азamat үшін осы шарт болмақ! Ол үшін Абай, Әуезов тәлімдерін жаһандану заманында қатты ескеруіміз жеткен.

Өйткені, өткеннің отын ешірмесек қана келешекті кемелдендіре аламыз!

Ақжол ҚАЛШАБЕК,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ, «Қазақ тілі мен
әдебиеті»
кафедрасының
доценті., филология
ғылымдарының
кандидаты